2026-2028 жылдарға арналған азаматтық бюджет

«Шарбақты ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» **ММ**

Құрметті сайтқа кірушілер!

Сіздердің назарларыңызға Шарбақты ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар саласындағы ақпараттарды қамтитын, «Шарбақты ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ 2026-2028 жылдарға арналған азаматтық бюджеті ұсынылады.

Азаматтық бюджет Қазақстан Республикасының Бюджет және Салық кодекстеріне сәйкес қалыптастырылды және аудандық мәслихаттың 2025 жылғы 17 желтоқсандағы № 154/52 сессиясында бекітілді, 2026 жылғы 9 қазандағы №199/68 өзгертулермен.

«Шарбақты ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ қызметінің мәні мен мақсаты:

Мемлекеттік мекеме қызметінің **мәні** болып табылады:

- әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру және үйлестіру;
- ауданның аз қамтылған азаматтарына атаулы әлеуметтік көмек төлеу;
- мүгедектерді үйде оқытуға және денсаулығын қорғауға, мүгедектіктің алдын алуға, сондай-ақ олардың қоғамға етене араласуына жағдай жасауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру;
- жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген санаттарына қосымша әлеуметтік көмек көрсету;
- Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға өтемақы тағайындау жөнінде есепке алу және бақылау;
- Ұлы Отан соғысы мен еңбек ардагерлеріне, жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге көмек көрсету;
- халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз етеді және бағытын анықтайды
- Мемлекеттік мекеме қызметінің **мақсаты**, мұқтаж азаматтарға қажетті көлемде әлеуметтік көмек ұсыну, мемлекеттік қызметтерді сапалы және уақтылы көрсету болып табылады.

Мақсатқа жету үшін мемлекеттік мекеме келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды есепке алу және тіркеу;
2) Жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу;
3) Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеу;
4) Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттар ресімдеу;
5) Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек көрсету үшін құжаттарды ресімдеу;
6) Мүгедектерді сурдо-тифло құралдармен және міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу;
7) Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қызмет көрсететін мемлекеттік және мемлекеттік емес медициналық әлеуметтік
мекемелерде (ұйымдарда) әлеуметтік қызмет көрсетуге арналған құжаттарды ресімдеу;
8) Қозғалыста қиыншылық көретін бірінші топтағы мүгедектер үшін жеке көмекші қызметін және есту бойынша мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметін ұсыну үшін оларға құжаттар ресімдеу;
9) Мүгедектерге кресло-арбалар беру үшін оларға құжаттарды ресімдеу;

10) Мүгедектерді санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттарды ресімдеу;
11) Жалғызілікті, жалғыз тұратын карттарға, бөгде адамның күтіміне және жәрдеміне мұқтаж мүгедектерге және мүгедек балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттарды ресімдеу;
12) Ауылдық жерлерде тұратын әлеуметтік сала мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек тағайындау;
13) Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру;
14) Ұлы Отан соғысы мен еңбек ардагерлеріне, жалғыз басты карттар мен мүгедектерге көмек көрсету;
15) Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау және оңалту;
16) Өмірлік қиын жағдайға тап болған жеке тұлғаларға (отбасыларға) арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну;
17) Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне облыстың жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау;
18) Жұмыссыз адамдарды әлеуметтік қорғау;
19) Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін,сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу;

20) Интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған түлектері үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу;
21) Іс-әрекетке қабілетсіз кәмелетке толмағандар үстінен қорғаншылық белгілеу үшін қаулы әзірлеу үшін құжаттар дайындау;
22) «Әлеуметтік көмек», «Е-собес», «МОДҚ» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне деректерді енгізу және редакциялау;
23) Мүгедектігі бар адамдарға арналған қолжетімді ортаның әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне түгендеу (паспорттау) жүргізу және ұйымдастыру бойынша деректер жинау;
24) Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу бойынша жұмыс;
25) Ұжымдық шарттарды тіркеу;
26) Тыл еңбеккерлерінің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жұмыс өтілін белгілеу;
27) Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;
28) Азаматтардың өтініштерімен жұмыс. Жеке қабылдау.
29) «Қамқорлық» қайырымдылық айын өткізу;
30) ТӨБЕ АЖО-на жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін енгізу
31) Аудандық комиссияларға құжаттарды дайындау: қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмек көрсету жөніндегі, халықтың әлеуметтік осал топтарына әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіру жөніндегі, әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі аудандық кеңес, мүгедектер істері жөніндегі аудандық кеңес.

2026-2028 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалар бойынша бөлімнің шығыстары

Атауы	2025 жыл млн.теңге	2026 жыл млн.теңге	2027 жыл млн. теңге	2028 жыл млн. теңге
451.001. «Халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру және жұмыспен қамтумен қамтамасыз ету саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер»	51,2	50,0	58,8	59,6
451.004.015. «Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету»	17,8	19,9	21,2	22,2
451.005. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек»	37,4	42,7	51,7	52,7
451.006 «Тұрғын үй көмегі»	0,7	0,8	0,9	0,9
451.007.015. «Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек»	107,7	109,3	115,0	120,7
451.010.015. «Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету»	0,7	1,0	1,0	1,1
451.011.015. «Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу»	0,8	0,9	0,9	1,0
451.014.015. «Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмөк көрсету»	109,3	111,7	130,0	131,1
451.017. «Мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді протездік-ортопедиялық, сурдотехникалық және тифлотехникалық құралдармен, арнайы жүріп-тұру құралдарымен, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, сондай-ақ санаторлық-курорттық сауықтыру, ымдау тілі мамандарының, жеке көмекші қызметтерін ұсыну»	29,9	29,6	31,9	33,5
451.054. «Қазақстан Республикасында мүгедектеігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту»	81,0	20,4	90,8	97,0

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жұмыспен қамту бөлімінің қамтамасыз етуі 2026 жылға сомасы 53,0 млн.

Штаттық санымен аппарат құрамы – 6 бірлік, техникалық персонал -7,86 бірлік	өндірістік және шаруашылық құрал сатып алу, Отын, жанар-жағармай материалдарын сатып алу
Іссапарлар және қызметтік сапарлар	Байланыс қызметтерін, коммуналдық қызметтерді төлеу
Бюджеттік бағдарламаның соңғы нәтижелері: Жұмыспен қамту бөліміне жүктелген функциялар мен міндеттерді толық көлемде орындау	